«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
« ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, Қызылорда қаласы, Жалантос Бахадур көшесі, 2
тел: 8(7242) 23-38-09, факс: 8 (7242) 23-35-41
ЖСК KZ92070101KSN0000000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСК KKMFZ2A. БСН 000540001658.

120008, город Кызылорда, ул. Жалантос Бахадура, 2
тел: 8(7242) 23-38-09, факс: 8(7242) 23-35-41
ИИК KZ92070101KSN0000000
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИК KKMFKZ2A. БИН 000540001658.

№06-20/3Т-D-1538
от 12.08.21

«Жана Гасыр - К» ЖШС-нің
директоры Т. Баймурзаевқа
Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағынауданы, Атамекен көшесі, 49

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*әрі қарай - Департамент*) Сіздің 2021 жылдың 29 шілдесіндегі №116143 электронды шағымыңыз және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаментіне Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жазған 2021 жылғы 29 шілдесіндегі №239 шағымыңыз бойынша «Жалағаш ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан өткізілген №5988144-1 «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Таң елді мекенінің А.Мықтыбаев көшесінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі» бойынша қызметін электрондық конкурсының конкурстық комиссиясының іс-әрекетіне жазған шағымдарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 2 бабы 11) тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) – конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге ұсынылатын құжаттама, онда конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру шарттары мен тәртібі қамтылады.

Заңның 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) қаржылық орнықты болуы және тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешегінің болмауы.

Әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы оларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен санаттау жолымен айқындалады.

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы (әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып танылатын жағдайларды қоспағанда).

Заңның 9-бабы 5 және 6 тармақтарына сәйкес, Айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық

қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптары – әлеуетті өнім беруші өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушы ретінде тартуды көздейтін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынуға тиіс.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушыларды) тартылған жағдайда, олардың осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріне беріледі.

Заңның 10-бабы 1-тармағында, әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда;

2) әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталғанда;

3) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(әрі қарай – Қағида)* 154-тармағына сәйкес Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидамен бекітілген конкурстық құжаттамасының 6 қосымшасы (біліктілік туралы мәліметтер) ескерпесінің 1 тармағына сәйкес, егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Қағиданың 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

- конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы.

Конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының (Біліктілік туралы мәліметтер) 4 және 5 тармағында әлеуетті өнім берушілер растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажетті талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының бар екендігі туралы мәліметтерді көрсетеді.

Егер ұсынылған материалдық ресурстар жеке меншік болса, меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі, жалға алынған болса, кімнен жалға алынды (жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі) және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 235 бабының 2-тармағына сәйкес, мүлікке меншік құқығы сатып алу-сату шарты (егер жабдық сатып алынған жағдайда), айырбастау, сыйға беру негізінде берілуі мүмкін. Егер құрал-жабдық сатып алынған болса, онда Еодекстің 406 бабы 1 тармағына сәйкес, тапаптарда сатып алу-сату келісім шарты бойынша тауарды қабылдап алу және оған ақы төлеу міндеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына сәйкес тауардың берілуін, сатылуын растайтын құжат бекітілген нысандағы қабылдап алу – беру актісі болып табылады. Тауарларды өткізуді есепке алу құжаты ретінде бекітілген нысанға сәйкес рәсімделген қорларды жіберу жүкқұжаты саналады.

Осыған орай, материалдық ресурстардың меншік құқығын растаушы құжат болып шот-фактура және жүкқұжат болып табылады.

Заңның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу түріндегі біліктілік талаптары қойылады. Мұндай мәліметтерді әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамаға 6-қосымшада (біліктілік туралы мәліметтер) көрсетеді. Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші жабдықтың жеке меншік құқығында немесе жалға алынғанына қарамастан, жабдықтың меншік құқығын растау қажет.

Қағидамен бекітілген конкурстық құжаттамасының №6 қосымшасының (біліктілік туралы мәліметтер) ескерпесінде, растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс.

Конкурстық құжаттамасының 1-4 қосымшасының 4 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерде қызмет көрсетуге қажетті еңбек және материалдық ресурстардың болуы қажеттілігі бойынша біліктілік талабы көрсетілген.

Конкурстық комиссия тарапынан 22.07.2021 жылғы №5528514 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер «Дан-Строй-Проект» ЖШС-нің конкурстық өтінімі біліктілік талабына сәйкес келуіне байланысты конкурсқа қатысуға жіберіліп, әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Камералдық бақылау жүргізу барысында, әлеуетті өнім беруші «Дан-Строй-Проект» ЖШС-нің конкурстық өтініміне сәйкес «аккредиттелген зертхана» қызметін қоса атқарушы ретінде тартылған «ЗерттеуНысанМонтаж» ЖШС-нің аккредиттеу аттестаты және аккредиттеу аймағы заңды күшінде болуына байланысты жазған уәжіңіз бойынша Департамент тарапынан «Ұлттық аккедиттеу орталығы» ЖШС-не сұраныс хат жолданғандығын хабарлаймыз.

Аталған сұраныс хатқа Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 05.08.2021 жылғы №24-02-24/5229 жауап хатына сәйкес, *«ЗерттеуНысанМонтаж» ЖШС-нің 27.12.2018 жылғы №KZ.T.16.1442 аккредиттеу аттестатының қолдану мерзімі 2018 жылғы 27 желтоқсаннан 2023 жылғы 27 желтоқсанға дейінгі мерзімде тіркелгендігі»* баяндалған.

Сонымен қатар, «Ұлттық аккедиттеу орталығы» ЖШС-нің ресми веб сайтындағы мәліметке *(http://88.204.198.180/index.php?do=web_search)* сәйкес, бірлесіп орындаушылар «ЗерттеуНысанМонтаж» ЖШС-нің 27.12.2018 жылғы №KZ.T.16.1442 аккредиттеу аттестаты бар екендігі және аталған аккредиттеу аттестатының күші жойылғандығы туралы ешбір ақпараттар көрсетілмеген.

Сонымен қатар, конкурстық комиссия мүшелерімен әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қабылдамау бойынша шешімі негізді болып табылады.

Себебі әлеуетті өнім беруші «ИПЦ «Альянс» ЖШС-мен конкурстық құжаттаманың 1-4 қосымшасында сұратылған «Мерное колесо» ұсынбаған. Сонымен қатар, «Рейка геодезическая», «Прибор для определения кабеля» құрылғыларының дәлелдеме құжаттары ұсынылмаған.

Камералдық бақылауды жүзеге асыру Ережесінің 19 тармағына сәйкес, камералдық бақылау Сіздің шағымда көрсетілген уәждер шегінде жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес, Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9 тармағына сәйкес дауларды шешудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы Мырзабек - **С. Мырзабек**

Орын: А. Болат
Тел: 23-38-09